significant inter-class differences. Classification performance was evaluated using both conventional machine learning algorithms and modern deep learning architectures. Furthermore, a hybrid deep learning framework based on multiple instance learning was developed to aggregate local structural patterns within microscopic images more effectively. Experimental results demonstrate that the proposed methodology enhances classification accuracy and improves robustness across diverse bacterial taxa.

**Keywords:** microscopic images, bacterial classification, multiclass classification, deep learning, multiple instance learning, hybrid model

**Conflict of interest:** A. Ismailova, G. Yessenbayeva, K. Kadyrkulov, R. Moldasheva, A. Amangeldi (2026). Development of a hybrid deep learning model for multiclass classification of microscopic images of bacteria // International journal of information and communication technologies. Vol. 7. No. 25. Pp. 128–140. <https://doi.org/10.54309/IJICT.2026.25.1.008>. (In Kaz.).

**Conflict of interest:** The authors declare that there is no conflict of interest.

## БАКТЕРИЯЛАРДЫҢ МИКРОСКОПИЯЛЫҚ БЕЙНЕЛЕРІН КӨПКЛАССТЫ ЖІКТЕУГЕ АРНАЛҒАН ГИБРИДТІ ТЕРЕҢ ОҚИТУ МОДЕЛІН ӘЗІРЛЕУ

*А.А.Исмаилова<sup>1</sup>, Г.Р.Есенбаева<sup>1\*</sup>, К.К.Кадирқұлов<sup>2</sup>, Р.Н.Молдашева<sup>3</sup>, А.Амангелді<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup> Smart Soft Kazakhstan ЖШС, Астана, Қазақстан;

<sup>3</sup> Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан.

E-mail: [gulbanu210596@gmail.com](mailto:gulbanu210596@gmail.com)

**Исмаилова Айсулу Абжаппаровна** — PhD, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан  
E-mail: [a.ismailova@mail.ru](mailto:a.ismailova@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-8958-1846>;

**Есенбаева Гүлбану Рақымжанқызы** — С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының докторанты, Астана, Қазақстан

E-mail: [gulbanu210596@gmail.com](mailto:gulbanu210596@gmail.com), <https://orcid.org/0009-0006-6371-4571>;

**Кадирқұлов Қуаныш Кайсарович** — PhD, «Smart Soft Kazakhstan» ЖШС директоры. Астана, Қазақстан

E-mail: [kkuanysh@gmail.com](mailto:kkuanysh@gmail.com), <https://orcid.org/0000-0003-0506-4890>;

**Молдашева Раушан Нуркожаевна** — Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, «Бағдарламалық инженерия» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., PhD. Атырау қ., Қазақстан

E-mail: [raushan85\\_07@mail.ru](mailto:raushan85_07@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4570-0487>;

**Амангелді Ардақ Амангелдіқызы** — Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, «Бағдарламалық инженерия» кафедрасының аға оқытушысы,

Атырау, Қазақстан

E-mail: ardak\_aman@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5889-0593>.

© А.А. Исмаилова, Г.Р. Есенбаева, К.К. Кадиркулов, Р.Н. Молдашева, А. Амангелді

**Аннотация.** Бұл зерттеу микроскопиялық бактерия суреттерін автоматты түрде көпкластық жіктеу мәселесіне арналған. Жұмыста 33 бактериялық таксонды қамтитын 2034 микроскопиялық кескіннен тұратын деректер жиыны пайдаланылды. Эксперименттің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін деректердің тұтастығы тексеріліп, ақпараттың ағып кетуін болдырмау мақсатында оқыту, валидация және тест жиынтықтарына қатаң түрде бөлінді. Кескіндердің сапалық және құрылымдық сипаттамаларын сандық тұрғыдан бағалау үшін бірқатар көрсеткіштер есептелді: жарықтылық, контраст, Шеннон энтропиясы, Лапласиан дисперсиясы және Собель градиентінің энергиясы. Бұл белгілердің кластар арасындағы айырмашылық қабілеті Краскел–Уоллис критерийі арқылы талданып, таксондар арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтардың бар екені анықталды. Жіктеу сапасы дәстүрлі машиналық оқыту алгоритмдерімен қатар заманауи терең оқыту архитектураларының көмегімен бағаланды. Сонымен қатар микроскопиялық кескіндердегі жергілікті құрылымдық ерекшеліктерді тиімді біріктіруге мүмкіндік беретін multiple instance learning әдісіне негізделген гибриді модель ұсынылды. Эксперимент нәтижелері ұсынылған тәсілдің жіктеу дәлдігін арттырып, нәтижелердің тұрақтылығын жақсартатынын көрсетті.

**Түйін сөздер:** микроскопиялық бейнелер, бактерияларды жіктеу, көпклассты классификация, терең оқыту, көпінстанстық оқыту, гибриді модель

**Дәйексөздер үшін:** А.А. Исмаилова, Г.Р. Есенбаева, К.К. Кадиркулов, Р.Н. Молдашева, А. Амангелді (2026). Бактериялардың микроскопиялық бейнелерін көпклассты жіктеуге арналған гибриді терең оқыту моделін әзірлеу // Халықаралық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар журналы. Т. 7. № 25. Б. 128–140. <https://doi.org/10.54309/IJICT.2026.25.1.008>. (Қаз. тіл.).

**Мүдделер қақтығысы:** Авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

**Алғыс.** Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (Грант № AP32721703 Қайталануларды пангеномдық талдау, карталау және когорталарда салыстыруға арналған RepeatAtlas платформасын әзірлеу).

## РАЗРАБОТКА ГИБРИДНОЙ МОДЕЛИ ГЛУБОКОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ МНОГОКЛАССОВОЙ КЛАССИФИКАЦИИ МИКРОСКОПИЧЕСКИХ ИЗОБРАЖЕНИЙ БАКТЕРИЙ

А.А. Исмаилова<sup>1</sup>, Г.Р. Есенбаева<sup>1\*</sup>, К.К. Кадиркулов<sup>2</sup>, Р.Н. Молдашева<sup>3</sup>,  
А. Амангелды<sup>3</sup>



<sup>1</sup>Казахский агротехнический исследовательский университет имени

С. Сейфуллина, Астана, Казахстан;

<sup>2</sup>ТОО «Smart Soft Kazakhstan», Астана, Казахстан;

<sup>3</sup>Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан.

E-mail: gulbanu210596@gmail.com

**Исмаилова Айсулу Абжаппаровна** — PhD, ассоциированный профессор, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

E-mail: a.ismailova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8958-1846>;

**Есенбаева Гульбану Ракымжановна** — докторант кафедры «Информационные системы», Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

E-mail: gulbanu210596@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-6371-4571>;

**Кадиркулов Куаныш Кайсарович** — PhD, директор ТОО «Smart Soft Kazakhstan», Астана, Казахстан

E-mail: kkuanysh@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-0506-4890>;

**Молдашева Раушан Нуркожаевна** — PhD, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан

E-mail: raushan85\_07@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4570-0487>;

**Амангелды Ардак Амангелдиевна** — старший преподаватель кафедры «Программная инженерия», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан

E-mail: ardak\_aman@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5889-0593>.

© А.А. Исмаилова, Г.Р. Есенбаева, К.К. Кадиркулов, Р.Н. Молдашева, А. Амангелды

**Аннотация.** Данное исследование посвящено задаче автоматической многоклассовой классификации микроскопических изображений бактерий. В работе использован набор данных, включающий 2034 микроскопических изображения, представляющих 33 таксономические группы бактерий. Для обеспечения корректности эксперимента была проведена проверка целостности данных, а также выполнено строгое разбиение на обучающую, валидационную и тестовую выборки с целью исключения утечки информации. Для количественного описания качества и структурных характеристик изображений были вычислены следующие признаки: яркость, контраст, энтропия Шеннона, дисперсия Лапласиана и энергия градиента Собеля. Их различающая способность между классами была проанализирована с использованием критерия Краскела–Уоллиса, что подтвердило статистически значимые различия между таксонами. Качество классификации оценивалось с применением как классических алгоритмов машинного обучения, так и современных архитектур глубокого обучения. Дополнительно была разработана гибридная модель на основе метода multiple instance learning, позволяющая более эффективно учитывать локальные

структурные особенности микроскопических изображений. Полученные экспериментальные результаты свидетельствуют о повышении устойчивости и точности классификации при использовании предложенного подхода.

**Ключевые слова:** микроскопические изображения, классификация бактерий, многоклассовая классификация, глубокое обучение, множественное экзemplярное обучение, гибридная модель

**Для цитирования:** А.А. Исмаилова, Г.Р. Есенбаева, К.К. Кадиркулов, Р.Н. Молдашева, А. Амангелды (2026). Разработка гибридной модели глубокого обучения для многоклассовой классификации микроскопических изображений бактерий // Международный журнал информационных и коммуникационных технологий. Т. 7. No. 25. Стр. 128–140. <https://doi.org/10.54309/IJICT.2026.25.1.008>.

**Конфликт интересов:** авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

**Благодарность.** Данное исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант No AP32721703 Разработка платформы RepeatAtlas для пангеномного анализа, картирования и сравнения повторов в когортах).

## Кіріспе.

Соңғы жылдары микробиологиялық диагностикада цифрлық микроскопия мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану үрдісі байқалады. Зертханалық тәжірибеде бактериялардың микроскопиялық бейнелерін талдау ауру қоздырғыштарын анықтау мен олардың морфологиялық ерекшеліктерін сипаттауда маңызды орын алады. Дегенмен дәстүрлі визуалды бағалау әдістері маманның тәжірибесіне тікелей тәуелді болып, нәтижелердің субъективтілігіне және уақыт шығындарының артуына әкелуі мүмкін (Shu және т.б., 2022; Zhang және т.б., 2021). Осы себепті микроскопиялық кескіндерді автоматтандырылған өңдеу мен жіктеу әдістерін дамыту ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті бағыттардың біріне айналды. Компьютерлік көру және машиналық оқыту тәсілдері микроскопиялық бейнелерден морфологиялық, құрылымдық және текстуралық сипаттамаларды сандық түрде бөліп алуға мүмкіндік береді. Алғашқы зерттеулерде бактерияларды жіктеу үшін алдын ала есептелетін белгілерге сүйенген классикалық алгоритмдер қолданылды. Олардың қатарында тірек векторлар әдісі, шешім ағаштары және градиенттік бустинг модельдері бар (Pádua және т.б., 2020; Deng және т.б., 2022). Бұл тәсілдер белгілі бір жағдайларда қанағаттанарлық нәтиже бергенімен, күрделі визуалды құрылымдарды толық қамтуда және деректердің ішкі алуан түрлілігін ескеруде шектеулерге ие.

Соңғы кезеңде терең оқыту әдістері, әсіресе конволюциялық нейрондық желілер, бейнелерді талдау міндеттерінде кеңінен қолданыла бастады. Мұндай модельдер кескіндерден жоғары деңгейлі белгілерді автоматты түрде үйреніп, медициналық визуализация саласында тиімділігін көрсетті (Esteva және т.б., 2019; Huang және т.б., 2023). Алайда микроскопиялық деректерге қатысты бірқа-

тар ерекшеліктер бар: деректер көлемінің шектеулі болуы, әртүрлі таксондар арасындағы морфологиялық ұқсастық және түсірілім шарттарының өзгермелілігі модельдердің жалпылау қабілетіне әсер етуі мүмкін (Tan және т.б., 2025; Li және т.б., 2022). Осы қиындықтарды еңсерудің бір жолы ретінде көпинстанстық оқыту тәсілі қарастырылады. Бұл әдісте бір кескін бірнеше локалдык аймақтардың жиынтығы ретінде ұсынылып, модель маңызды құрылымдық фрагменттерді өздігінен анықтай алады (Ise және т.б., 2018; Campanella және т.б., 2019). Әсіресе микроскопиялық және патологиялық бейнелерде барлық аймақтар бірдей ақпарат бермейтіндіктен, мұндай тәсілдің артықшылығы айқын көрінеді. Сонымен қатар соңғы еңбектерде терең оқыту модельдерін қолмен есептелетін сапалық және текстуралық көрсеткіштермен біріктірудің модель тұрақтылығын арттырып, әртүрлі деректер жиынтықтарына бейімделуін жақсартатыны көрсетілген (Zhang және т.б., 2023; Deng және т.б., 2024). Бұл тәсілдер бейненің жалпы құрылымдық ерекшеліктерін де, локалдык сипаттамаларын да қатар ескеруге мүмкіндік береді.

Осы жұмыстың мақсаты – бактериялардың микроскопиялық бейнелерін көпклассты жіктеуге арналған гибриді терең оқыту моделін әзірлеу және оның тиімділігін қатаң ұйымдастырылған эксперименттік протокол негізінде бағалау. Ұсынылған әдіс классикалық машиналық оқыту алгоритмдерімен және заманауи терең нейрондық желілермен салыстырылып, алынған нәтижелердің тұрақтылығы мен практикалық құндылығы жан-жақты талданады.

### **Әдістер мен материалдар.**

Зерттеу барысында бактериялардың микроскопиялық бейнелерін автоматты түрде көпклассты жіктеу міндетін орындау үшін ашық қолжетімді деректер жиыны қолданылды. Деректер базасы 33 бактериялық таксонға тиесілі 2034 RGB форматындағы микроскопиялық кескіннен тұрады. Бейнелер кластар бойынша жүйеленген. Эксперимент нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін барлық файлдардың жарамдылығы тексеріліп, бүлінген немесе оқылмайтын деректер анықталған жоқ. Кластар арасындағы үлестірім шамамен теңгерімді, бұл оқыту барысында айқын дисбаланс қаупін азайтады (Ching және т.б., 2018). Деректерді бөлу кезінде қатаң әдіснамалық қағидаттар сақталды. Бейнелер оқыту, валидация және тест жиынтықтарына өзара тәуелсіз түрде бөлінді. Әрбір кескін тек бір жиынтыққа ғана енгізілді. Сонымен қатар бір көзден алынған немесе мазмұны ұқсас бейнелердің әртүрлі жиынтықтарға түсуіне жол берілмеді. Мұндай тәсіл ақпараттың ағып кету ықтималдығын төмендетіп, модельдердің жалпылау қабілетін шынайы бағалауға мүмкіндік береді (Vargoаах және т.б., 2017).

Микроскопиялық кескіндердің сапалық және құрылымдық сипаттамаларын сандық тұрғыдан бағалау үшін бірқатар көрсеткіштер есептелді. Олардың қатарында орташа жарықтылық, контраст, Шеннон энтропиясы, Лапласиан дисперсиясы және Собель операторы негізінде анықталған градиент энергиясы бар. Бұл параметрлер кескіннің айқындығын, текстуралық күрделілігін және визуалды ақпараттың қанықтылығын сипаттайды (Gonzalez & Woods, 2018; Redmon және т.б., 2016). Белгілердің әртүрлі кластар бойынша айырмашылығын бағалау үшін




параметрлік емес Краскел–Уоллис критерийі және әсер мөлшерін сипаттайтын  $\varepsilon^2$  коэффициенті қолданылды (Tomczak & Tomczak, 2014). Жіктеу нәтижелерін салыстыру мақсатында бірнеше модельдер тобы қарастырылды. Классикалық машиналық оқыту әдістеріне логистикалық регрессия, тірек векторлар әдісі және градиенттік бустинг модельдері енгізілді. Бұл алгоритмдер инженерлік жолмен алынған белгілер негізінде жұмыс істеп, салыстырмалы талдау үшін базалық деңгей ретінде пайдаланылды (Hastie және т.б., 2009). Терең оқыту тәсілдері ретінде алдын ала үйретілген конволюциялық нейрондық желілер қолданылды, олардың соңғы қабаттары 33 класты жіктеуге бейімделді. Тасымалдап оқыту әдісі деректер көлемі шектеулі жағдайларда модельдің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді (He және т.б., 2016; Tan & Le, 2019).

Микроскопиялық бейнелердегі локалдық құрылымдардың маңызын ескеру үшін көпинстанстық оқыту қағидатына негізделген гибридті модель ұсынылды. Бұл тәсілде бір кескін бірнеше аймақтарға бөлініп, қорытынды шешім осы аймақтар бойынша алынған нәтижелерді біріктіру арқылы қабылданады. Агрегация кезеңінде назар механизмдері пайдаланылып, модельге ақпараттық маңызы жоғары фрагменттерді анықтауға мүмкіндік береді (Ise және т.б., 2018; Lu және т.б., 2021). Сонымен қатар терең нейрондық желілерден алынған белгілер текстуралық прокси-көрсеткіштермен біріктіріліп, модельдің жалпылау қабілетін күшейтуге бағытталды (Perez және т.б., 2018). Модельдердің тиімділігі көпклассты есептерге сәйкес бірнеше метрика арқылы бағаланды. Олардың қатарында жалпы дәлдік, теңгерімді дәлдік, макро-орташа F1-көрсеткіш және Мэтьюс корреляция коэффициенті бар (Powers, 2020). Бұл метрикалар кластар арасындағы қателіктерді жан-жақты талдауға және ұсынылған тәсілді базалық модельдермен объективті салыстыруға мүмкіндік береді. Ұсынылған гибридті архитектура конволюциялық нейрондық желілердің жоғары деңгейлі белгілерін, текстуралық сипаттамаларды және назарға негізделген агрегация механизмдерін біріктіре отырып, микроскопиялық бейнелердің кеңістіктік біртексіздігін ескеруге және әртүрлі түсірілім жағдайларына бейімделу қабілетін арттыруға бағытталған (Сурет 1).

1-суретте ұсынылған модельдің жалпы архитектурасы көрсетілген. Кіріс ретінде өлшемі  $224 \times 224$  RGB форматындағы микроскопиялық бейне алынып, ол EfficientNet-V0 негізіндегі конволюциялық backbone арқылы өңделеді. Нәтижесінде алынған белгілер картасы екі параллель тармаққа беріледі:

GeM-пулингке негізделген глобалдық агрегация тармағы және көпинстанстық оқытуға арналған назар механизмі бар MIL тармағы. MIL тармағында белгілер кеңістіктік токендерге түрлендіріліп, gated attention pooling арқылы ақпараттық маңызы жоғары локалдық аймақтар автоматты түрде ерекшеленеді. Сонымен қатар модельде текстуралық прокси-белгілерге негізделген жеке тармақ қарастырылған. Бұл тармақта алдын ала есептелген текстуралық сипаттамалар көпқабатты перцептрон арқылы өңделіп, FiLM-модуляция механизмі арқылы негізгі белгілер кеңістігіне енгізіледі. Мұндай модуляция бейненің жарықтану, контраст және текстуралық вариацияларына модельдің сезімталдығын төмендетеді. MIL және



Сур. 1. Ұсынылған Novel\_HybridMIL архитектурасының схемалық диаграммасы.

GeM тармақтарынан алынған белгілер Fusion блогында біріктіріледі. Бұл кезеңде оқыту барысында BranchDrop регуляризациясы қолданылып, модельдің бір тармаққа шамадан тыс тәуелді болу қаупі азайтылады. Қорытынды

біріктірілген эмбеддинг көпқабатты классификаторға беріледі, оның шығысында 33 бактериялық класқа сәйкес логиттер есептеледі. Ұсынылған архитектура локалды және глобалдық ақпаратты үйлесімді түрде біріктіріп, микроскопиялық бейнелерді көпклассты жіктеу дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

### **Нәтижелер және оларды талқылау.**


Ұсынылған әдістердің тиімділігін бағалау мақсатында бактериялардың микроскопиялық бейнелерін көпклассты жіктеу бойынша бірқатар эксперименттер жүргізілді. Барлық модельдер бірдей деректер жиынында және алдын ала белгіленген қатаң train/validation/test бөлу протоколы негізінде оқытылып, бағаланды. Мұндай тәсіл алынған нәтижелердің салыстырмалылығын және әдіснамалық дұрыстығын қамтамасыз етеді. Алдымен инженерлік және прокси-белгілерге негізделген классикалық машиналық оқыту модельдерінің нәтижелері талданды. Логистикалық регрессия мен тірек векторлар әдісі базалық деңгейдегі жіктеу сапасын көрсетті, алайда олардың күрделі морфологиялық және текстуралық айырмашылықтарды толық сипаттауда шектеулері байқалды. CatBoost моделі басқа классикалық әдістермен салыстырғанда жоғарырақ нәтижелер көрсетті, бұл табличалық белгілер арасындағы сызықтық емес тәуелділіктерді тиімді моделдеумен түсіндіріледі. Дегенмен, бұл модельдердің барлығы терең оқыту архитектураларынан төмен нәтиже көрсетті, әсіресе локалды құрылымдардың рөлі жоғары болған кластарда.

Терең оқытуға негізделген модельдер арасында алдын ала үйретілген конволюциялық нейрондық желілер тұрақты және жоғары жіктеу дәлдігін көрсетті. ResNet және DenseNet архитектуралары жақсы нәтижелерге қол жеткізгенімен, кейбір кластарда қателердің сақталуы микроскопиялық бейнелердің ішкі вариабельділігімен және морфологиялық ұқсастығымен байланысты болды. EfficientNet архитектурасы параметрлер саны мен өнімділік арасындағы тиімді теңгерімнің арқасында жалпы метрикалар бойынша бәсекеге қабілетті нәтиже көрсетті. Ал ConvNeXt және Swin Transformer сияқты заманауи архитектуралар күрделі визуалды паттерндерді жақсырақ үйренуге қабілетті екенін көрсетті, алайда олардың артықшылығы барлық кластарда бірдей байқалмады. Ұсынылған гибриді терең оқыту моделі барлық негізгі метрикалар бойынша ең жоғары немесе тұрақты түрде жоғары нәтижелерді көрсетті. Бұл нәтиже модель архитектурасында локалды және глобалдық ақпаратты бір уақытта ескерудің тиімділігімен түсіндіріледі. Көпінстанстық оқытуға негізделген назар механизмі модельге микроскопиялық бейненің диагностикалық тұрғыдан маңызды аймақтарын автоматты түрде анықтауға мүмкіндік берді, ал GeM-пулинг глобалдық құрылымдық ақпаратты жоғалтпай агрегаттауды қамтамасыз етті. Сонымен қатар, текстуралық прокси-белгілерге негізделген FiLM-модуляция бейненің жарықтану және контраст вариацияларына модельдің сезімталдығын төмендетіп, жалпылау қабілетін арттырды.

2-суретте базалық және заманауи терең оқыту модельдерінің валидациялық таңдамадағы Macro-F1 мәндерінің эпохалар бойынша өзгеруі көрсетілген.

Барлық модельдер алғашқы бірнеше эпохада жылдам конвергенцияны көрсетіп, кейінгі кезеңдерде тұрақты деңгейге жетеді. Ұсынылған гибриді модель валидациялық кезең бойында жоғары және тұрақты Macro-F1 көрсеткішін сақтап, басқа архитектуралармен салыстырғанда жақсы жалпылау қабілетін көрсетеді.

Валидация қисықтары: модельдер бойынша Macro-F1 (10 эпоха)



Сур. 2. Әртүрлі модельдер үшін 10 эпоха бойындағы валидациялық деректердегі Macro-F1 көрсеткішінің өзгеру динамикасы


3-суретте тесттік деректер жиынынан таңдап алынған алты микроскопиялық бейне үшін нақты класс белгілері (жоғарыда) және әртүрлі модельдер мен ансамбльдік орташа болжаулардың нәтижелері (төменде) көрсетілген. Көрсетілген мысалдарда ансамбльдік тәсіл мен ұсынылған гибриді модельдің болжамдары нақты кластармен жоғары деңгейде сәйкес келетіні байқалады, бұл локалды құрылымдарды тиімді ескерудің және модельдердің жалпылау қабілетінің жоғары екенін сапалық тұрғыда растайды.

Қателерді талдау нәтижелері кейбір кластар арасында шатасулардың сақталатынын көрсетті. Бұл, ең алдымен, морфологиялық тұрғыдан ұқсас бактерия түрлеріне тән, олардың микроскопиялық бейнелерінде визуалды айырмашылықтар әлсіз байқалады. Дегенмен, ұсынылған гибриді модель мұндай жағдайларда да базалық және заманауи архитектуралармен салыстырғанда қателер санын азайта алды, бұл локалды құрылымдарды тиімді іріктеудің артықшылығын көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер ұсынылған гибриді тәсілдің микроскопиялық бейнелерді көпклассты жіктеу міндетінде тиімді екенін дәлелдейді. Модельдің артықшылығы тек жоғары сандық көрсеткіштермен ғана емес, сонымен қатар оның тұрақтылығы мен әртүрлі визуалды шарттарға бейімделу қабілетімен де сипатталады. Бұл зерттеу нәтижелері микробиологиялық

Сапалық талдау (TEST, PRIMARY\_33) — бірдей 6 сурет

Ақиқат (жоғарыда) + Ансамбль (орташа) және модель болжамдары (төменде)



Сур. 3. Микроскопиялық бейнелер үшін модельдердің сапалық салыстырмалы нәтижелері

диагностикада жасанды интеллект әдістерін практикалық деңгейде қолдануға негіз бола алады және болашақта кеңейтілген деректер жиындарында немесе нақты клиникалық сценарийлерде тексеруге перспективалар ашады.

### Қорытынды.

Бұл жұмыста бактериялардың микроскопиялық бейнелерін көпклассты жіктеу мәселесі қарастырылып, оны шешуге арналған гибриді терең оқыту моделі ұсынылды. Зерттеу барысында 33 бактериялық таксонды қамтитын және 2034 микроскопиялық кескіннен тұратын деректер жиыны қолданылып, эксперименттер әдіснамалық тұрғыдан қатаң train/validation/test бөлу протоколы негізінде жүргізілді. Мұндай тәсіл алынған нәтижелердің объективтілігі мен қайта өндірілуін қамтамасыз етті. Эксперименттік нәтижелер классикалық машиналық оқыту модельдері мен базалық терең оқыту архитектуралары микроскопиялық бейнелерді жіктеуде белгілі бір деңгейде тиімді екенін көрсеткенімен, олардың күрделі морфологиялық және текстуралық айырмашылықтарды толық қамти алмайтынын көрсетті. Ұсынылған гибриді модель локалдық және глобалдық

белгілерді бір уақытта ескерудің арқасында барлық негізгі бағалау метрикалары бойынша тұрақты әрі жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Көпинстанстық оқытуға негізделген назар механизмі диагностикалық тұрғыдан маңызды аймақтарды тиімді іріктеуге мүмкіндік берсе, текстуралық прокси-белгілермен үйлестірілген FiLM-модуляция модельдің әртүрлі түсірілім жағдайларына бейімделу қабілетін арттырды. Сандық және сапалық талдау нәтижелері ұсынылған тәсілдің жалпылау қабілеті жоғары екенін және морфологиялық тұрғыдан ұқсас бактерия кластарын ажыратуда артықшылыққа ие екенін көрсетті. Бұл модельдің микробиологиялық диагностикада көмекші құрал ретінде қолданылу әлеуетін айқындайды және зертханалық процестерді автоматтандыруға бағытталған интеллектуалдық жүйелерді дамытуға негіз бола алады.

Алдағы зерттеулерде ұсынылған модельді кеңейтілген деректер жиындарында, әртүрлі микроскопиялық протоколдар мен клиникалық сценарийлерде тексеру, сондай-ақ нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін диагностикалық жүйелерге енгізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, модельдің интерпретативтілігін арттыру және шешім қабылдау процесін визуалды түсіндіру әдістерін дамыту болашақтағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

#### REFERENCES

- Campanella G., Hanna M.G., Geneslaw L. et al. (2019). Clinical-grade computational pathology using weakly supervised deep learning // *Nature Medicine*. — Vol. 25. — Pp. 1301–1309. (in. Eng.).
- Ching T., Himmelstein D.S., Beaulieu-Jones B.K. et al. (2018). Opportunities and obstacles for deep learning in biology and medicine // *Journal of the Royal Society Interface*. — Vol. 15. — No. 141. Pp. 20170387. (in. Eng.).
- Deng J., Liu Y., Ren Z. (2024). Integrating handcrafted and deep features for robust medical image analysis // *Computers in Biology and Medicine*. — Vol. 168. — Pp. 107690. (in. Eng.).
- Deng L., Yu D., Li S., Wang H. (2022). Machine learning approaches for microbial image analysis // *IEEE Access*. — Vol. 10. — Pp. 11345–11357. (in. Eng.).
- Esteva A., Robicquet A., Ramsundar B. et al. (2019). A guide to deep learning in healthcare // *Nature Medicine*. — Vol. 25. — Pp. 24–29. (in. Eng.).
- Gonzalez R.C., Woods R.E. (2018). *Digital Image Processing*. – 4th ed. – Pearson Education. — P. 1168. (in. Eng.).
- Hastie T., Tibshirani R., Friedman J. (2009). *The Elements of Statistical Learning: Data Mining, Inference, and Prediction*. – 2nd ed. – New York: Springer. — P.745. (in. Eng.).
- He K., Zhang X., Ren S., Sun J. (2016). Deep residual learning for image recognition // *Proceedings of the IEEE Conference on Computer Vision and Pattern Recognition (CVPR)*. — Pp. 770–778. (in. Eng.)
- Huang Z., Li X., Zhang J., Wang Q. (2023). Convolutional neural networks for medical image classification: A survey // *Expert Systems with Applications*. — Vol. 213. — P. 118897. (in. Eng.).
- Ilse M., Tomczak J.M., Welling M. (2018). Attention-based deep multiple instance learning // *Proceedings of the 35th International Conference on Machine Learning (ICML)*. — Pp. 2127–2136. (in. Eng.).
- Li X., Zhang S., Zhang Y., Gao W. (2022). Robust deep learning for biomedical image classification under limited data // *Biomedical Signal Processing and Control*. — Vol. 71. — P. 103213. (in. Eng.).
- Lu M.Y., Williamson D.F.K., Chen T.Y. et al. (2021). Data-efficient and weakly supervised computational pathology on whole-slide images // *Nature Biomedical Engineering*. — Vol. 5. — Pp. 555–570. (in. Eng.).
- Pádua L., Vanko J., Hruška J., Adão T., Sousa J.J., Peres E. (2020). Classification of microscopic images using machine learning methods: A review // *Applied Sciences*. — Vol. 10. — No. 14. — P. 4859. (in. Eng.).
- Perez E., Strub F., de Vries H., Dumoulin V., Courville A. (2018). FiLM: Visual reasoning with a general conditioning layer // *Proceedings of the AAAI Conference on Artificial Intelligence*. — Vol. 32. — No. 1. (in. Eng.).
- Powers D.M.W. (2020). Evaluation: From precision, recall and F-measure to ROC, informedness, markedness and correlation // *Journal of Machine Learning Technologies*. — Vol. 2. — No. 1. — Pp. 37–63. (in. Eng.).



Redmon J., Divvala S., Girshick R., Farhadi A. (2016). You Only Look Once: Unified, real-time object detection // Proceedings of the IEEE Conference on Computer Vision and Pattern Recognition (CVPR). — Pp. 779–788. (in. Eng.).

Shu M., Tang J., Liu X., Wang Y. (2022). Automated analysis of microscopic bacterial images using deep learning techniques // Computers in Biology and Medicine. — Vol. 145. — P. 105473. (in. Eng.).

Tan C., Wu H., Lin Y. (2025). Challenges and opportunities of deep learning in microscopic image analysis // Pattern Recognition. — Vol. 147. — P. 109995. (in. Eng.).

Tan M., Le Q. (2019). EfficientNet: Rethinking model scaling for convolutional neural networks // Proceedings of the 36th International Conference on Machine Learning (ICML). — Pp. 6105–6114. (in. Eng.).

Tomczak M., Tomczak E. (2014). The need to report effect size estimates revisited // Trends in Sport Sciences. — Vol. 21. — No. 1. Pp. 19–25. (in. Eng.).

Varoquaux G., Raamana P.R., Engemann D.A., Hoyos-Idrobo A., Schwartz Y., Thirion B. (2017). Assessing and tuning brain decoders: Cross-validation, caveats, and guidelines // NeuroImage. — Vol. 145. — Pp. 166–179. (in. Eng.).

Zhang H., Wang Y., Li Q., Sun J. (2023). Hybrid deep learning frameworks for microscopic image classification // Information Sciences. — Vol. 625. — Pp. 290–304. (in. Eng.)

Zhang Y., Li H., Chen X., Zhou Z. (2021). Deep learning-based bacterial image classification in clinical microscopy // Artificial Intelligence in Medicine. — Vol. 118. — P. 102129. (in. Eng.).

**INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND  
COMMUNICATION TECHNOLOGIES**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И  
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

**Собственник:**

АО «Международный университет информационных  
технологий» (Казахстан, Алматы)

**Главный редактор:**

Колесникова Катерина Викторовна

**Ответственный редактор:**

Мрзабаева Раушан Жалиевна

**Компьютерная верстка:**

Калабай Замзагуль Ертугановна

Сайт журнала: <https://journal.iitu.edu.kz>

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Подписано в печать 30.03.2026.

050040 г. Алматы, ул. Манаса 34/1, каб. 709, тел: +7 (727) 244-51-09).